Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш жаршысы

Қызылорда облысы
Жалағаш ауданы

№97 *(9880)*
6 желтоқсан, сейсенбі
2022 жыл

Газет 1934 жылғы 10 қаңтардан бастап шығады.

Ел жаңалықтары

Биыл қаңтар-қазан айларында денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 168,9 млрд теңгеге жеткен. Бұл көрсеткішті өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 18,1 пайызға артқанын аңғарамыз. Алайда 2020 жылғы қаңтар-қазан айларымен салыстырғанда 16,1 пайызға аз екен.

Инвестиция көлемі артқан

«Finprom» деректері көрсеткендей, өңірлер бөлінісінде денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету саласына салынған инвестицияның ең көп көлемі Астанаға тиесілі. Яғни 51,1 млрд теңге. Сондай-ақ Жамбыл (15,6 млрд теңге) және Шығыс Қазақстан (15,3 млрд теңге) облыстарына да айтарлықтай қаржы құйылған. Күрделі салымдардың ең аз көлемі Атырау және Ұлытау облыстарында байқалады. Атырауда 447,6 млн теңге болса, бұл көрсеткіш Ұлытауда 496,6 млн теңгені құрайды.

Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету саласына инвестицияның ең көп көлемі жергілікті бюджеттер есебінен, сондай-ақ кәсіпорындардың меншікті қаражаты есебінен: тиісінше 53,7 млрд және 53,4 млрд теңгені құраған. Бұл ретте республикалық бюджеттен құйылған инвестиция көлемі 35,1 млрд теңгені, банктік емес несиелер 21,5 млрд теңгені, банк несиелері 5,2 млрд теңгені ғана құраған.

Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы орташа айлық атаулы жалақы 2022 жылдың үшінші тоқсанында 245,2 мың теңгені құраса, бұл орташа республикалық деңгейден 18,2 пайызға аз екен.

«ЖЖ» ақпарат

Бәрекелді!

Астанадан ақжолтай хабар жетті. Жалпы өзге өңірде жалағаштықтар түрлі жарыстарда топ жарып, жеңіс тұғырынан көрініп жатса, іштей «Спорт саласынан шығар» деп отырамыз. Олай ойлауға да негіз жоқ емес. Себебі соңғы жылдары аталған саладағы саңлақтарымыз елдің намысын қорғауда абырой биігінен аласарған емес. Бұл жолы да ішкі түйсігіміз алдамапты. 1-3 желтоқсан аралығында Астанада өткен «Ауыл алаңынан – Олимпиада тұғырына» атты республикалық конференцияда «Наркескен» спорт клубының Бұқарбай батыр ауылындағы спорт нұсқаушысы Азамат Зәуребаев «2022 жылғы ең үздік спорт нұсқаушысы» номинациясымен марапатталды.

Азамат – ең үздік спорт нұсқаушы

Иә, республикалық дене шынықтыру және спорт бойынша оқу әдістемелік және талдау орталығының ұйымдастыруымен бірінші рет өткен конференцияда жерлесімізге бұл номинацияны сала министрі Дәурен Абаевтың өзі табыстады. Жағымды жаңалықты ести сала батыр атындағы ауылдағы аудан мақтанышымен байланысқа щықтық. Мақсат – бұл номинацияның жалағаштық спорт нұсқаушы лайықты иесі ме, осы сауалдың түйінін тарқату. Азаматтың аузын бақсақ, расында Бұқарбай батырда спорт саласы бойынша жетістік мол екен.

Кент іргесіндегі ауылдық округте 6 жастан зейнет жасына дейін 180 адам бұқаралық спортты өзіне серік етеді. Ал қазір дәл осы елді мекеннен шыққан саңлақтардың аудан, облыс, қалаберді ел мерейін үстем етуде жеткен жетістігін тізе берсек, тарқатып жазар дүние көп. Бірақ мұның бәрінде Азамат Зәуребаевтың қолтаңбасы барын ешкім жоққа шығара алмайды. Ауылдастары оның бұл салада қажырлы еңбек етіп, жастарды спортқа баулудағы жұмысында жүйе барын жасырмайды.

Азамат Таңсықбайұлы аталған ауылда «Наркескен» спорт клубының 2014 жылдан бері спорт нұсқаушысы болып жұмыс жасап келеді. Сол уақыттан бері ол қаншама спорт түрінен команда шығарды, жекелеген спортшылар дайындады. Бастысы, бүгінде батыр атындағы ауылда салаға қадам басқан жастар жеңіс тұғырынан жиі бой көрсетіп жүр. Командалық сайыста да үлкен додаларда ауданның мерейін үстем еткен Бұқарбай батырлық спортшылар жетіп артылады.

– Еңбек еленіп жатса, қай саланың өкіліне де бұл шабыт болары анық. Бүгін соған тағы бір мәрте көз жеткізіп отырмын. Министрдің қолынан үздік нұсқаушы деген номинацияны алып отырмын. Әрине салада еткен азды-көпті еңбегімді көріп, бұл марапатқа мені лайық деп тапқан шығар. Бірақ мен бұл атаққа тоқмейілсіп қалмаймын. Керісінше бұл менің алдағы жұмысыма шабыт береді. Кешегі жиын тек сала саңлақтарын марапаттаумен шектелген жоқ. Келелі басқосуда ел спортын әлі де ширатуға не кедергі, осы сауалдың түйіні тарқатылып, бірқатар мәселе ой елегінен өтті. Мәселен, жарыстарға спортшы алып баруда спорт нұсқаушылардың басты мәселесіне айналған көлік мәселесі де кеңесте көтерілді. Мұнан бөлек спорт нұсқаушылардың жалақысының төмендігі де тілге тиек етілді. Конференция өте жоғары деңгейде өтті. Саладағы мәселелер сарапқа салынатын осындай жиындардың арқасында бірқатар кедергілер жойылады деп ойлаймын. Ауылда спорт саласының дамуы жаман емес. Бұл жолда шама-шарқымызша жұмыс жасап келеміз. Бастысы, жүйелі жұмысымыз жемісін беріп жатыр. Әлі де бұл саланың серпін алуы жолында аянып қалмаймын. Оған «Наркескен» спорт клубының басшысы тарапынан барлық жағдай жасалып жатыр. Ғалымжан Ержанов келгелі біршама түйткілді мәселелеріміз шешімін тауып жатыр. Басшылық тарапынан осындай қолдау барда біз де өңір спортын дамытуда аянып қалмаймыз, – дейді Азамат Зәуребаев.

8 жыл деген аз уақыт емес, әрине. Тәуелсіздіктің төл құрдасы Бұқарбай батырда 2014 жылдан бері спорт нұсқаушы екен. Осынша уақытта «Наркескен» спорт клубының ауылдағы өкілі нендей іс тындырды, ауыл спортының дамуына тың серпін бере алды ма? Осы сауалдардың түйінін тарқату үшін Азамат еңбек еткен жылдары ауылдағы спорттың даму қарқынына үңілдік. Тарқатайық...

Азаматтың өзі – негізінен гір спортынан облыс чемпионы. Шәкірттерінің бірі Ислам Мәжиев – аталған спорт түрінен ҚР біріншілігінің қола жүлдегері және Азияның күміс жүлдегері. Осыдан-ақ оның шәкірттерінің байрақты бәсекелерде де ел мерейін үстем етіп жатқанын айқын аңғарамыз.

Иә, «Наркескен» спорт клубының ауылдағы өкілі негізінен гір спортына бейім. Бірақ ауылда спорттың барлық түрінің дамуына жауапты. Бойдағы қарым-қабілеті мен табандылығының арқасында ол артылған сенім үдесінен шығып келеді. Мәселен, батыр атындағы ауылда Азамат Таңсықбайұлы жасақтаған команда былтыр мүмкіндігі шектеулі жандар арасындағы спартакиадада жүзуден көш бастады. Дәл осы спартакиадада мылтық атудан ауыл командасы 1 рет чемпион атанса, 4 мәрте жүлделі орындардан төбе көрсетті. Ал көкпардың, жалпы ұлттық спорттың бұл ауылда қарқынды дамығанын аудан халқы жоққа шығармайды. Кешегі қазалыда өткен ауыл спортшыларының спартакиадасына барған аудан құрамасының басым бөлігін осы Бұқарбай батырлық шабандоздар құрап отыр және олар аталған ұлттық спорт түрінен күміс жүлдені қоржынға салды. Облыстық спартакиадада шахматтан қарсылас шақ келтірмеген Гаухар Жұмабаева да Азаматтың шәкірті. Бапкері бұл шәкіртінің әлі талай додада топ жаратынына сенеді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

БАСПАСӨЗ – 2023

ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

«Сыр медиа» ЖШС басылымдарына 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде.

Ел жаңалығын білгіңіз келсе, сүйікті газетіңізден қол үзбеңіз.

Индекс	Басылым атауы	Жазылу мерзімі	Бағасы
65460	Сыр бойы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тг
15460	Сыр бойы (мекеме үшін)	6 ай	4500 тг
65461	Кызылординские вести (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тг
15461	Кызылординские вести (мекеме үшін)	6 ай	4500 тг
65425	Ақмешіт жастары (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2000 тг
65463	Ақмешіт апталығы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тг
15463	Ақмешіт апталығы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тг
65019	Жалағаш жаршысы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тг
15019	Жалағаш жаршысы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тг
65878	Халық (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3000 тг

СҮЙІКТІ БАСЫЛЫМЫҢЫЗҒА ЖАЗЫЛУҒА АСЫҒЫҢЫЗ!

Аппарат

Сыннан сабақ алған абзал

Аудан бюджетінің түсімдері есепті кезеңде толығымен орындалған. Десе де биыл 1 желтоқсанға дейін «Саутс ойл» мұнай компаниясынан 4-кезең үшін есептелінген 80 млн 463 мың теңге мүлік салығы және 303 103 «Азаматтарға пәтерлер сатудан түсетін түсімдер» коды бойынша 5 пәтер сатылмауына байланысты 32 млн 500 мың теңге жергілікті бюджетке түспепті. Кент, ауыл әкімі аппараттары бойынша кірістерінің жылдық жоспары 86,7 пайызға ғана орындалған. Жыл соңына дейін 22 млн 316,2 мың теңге дербес бюджетке түсуі тиіс. Дербес бюджеттің түсімін өз деңгейінде орындамағандар қатарында Жалағаш кенті әкімі мен 4 ауылдық округ әкімі бар. Бұл туралы аудан әкімі Асқарбек Есжановтың төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде айтылды.

Күн тәртібіндегі 4 мәселе қаралған басқосуда баяндамашылар сыннан арылған жоқ. Тіпті әрбір салада қалыптасқан мәселелермен елді мекендер әкімдері де жиі төбе көрсетті. Бірінші мәселеге бір емес, екі мекеменің басшысы тоқталды. Алдымен аудандық қаржы бөлімі басшысының міндетін атқарушы Анар Құрманәлиева аудан бюджетінің 11 айда атқарылу қорытындысын сараптаса, аудандық кірістер басқармасы басшысы Руслан Байғазиев бюджетке түсетін түсімдердің орындалуын саралады.

Анар Медерханқызы биыл желтоқсанға дейін аудан бюджетінің жалпы түсімдерінің жоспары 12 млрд 784 млн 795,6 мың теңгені құрағанын айтады. Ал тиісті мерзімде жоспар 100,6 пайызға орындалған. Хабарламашы кент, ауыл әкімі аппараттары өз кірістерінің жылдық жоспарын 86,7 пайызға орындағанын жеткізіп, жыл соңына дейін 22 316,2 мың теңге түсім дербес бюджетке түсуі тиіс екенін тілге тиек етті. Жоспарды орындауда кемшілікке бой алдырғандар арасында Жалағаш кенті көш бастап тұр. Мұнан бөлек Ақсу, Жаңадария, Еңбек, Жаңаталап ауылдық округтері де бар. Қаржы бөлімінің өкілі кірістер болжамының орындалмауы шығыстар бөлігінің шығыны жабылмай, кредиторлық берешектерді қалыптастыратынын айтады. Желтоқсанға дейін шығыстар жоспары 13 003 189,2 мың теңге болып бекітілсе, меже 99,6 пайызға орындалыпты. Ал 58 460,6 мың теңге игерілмеген.

Бұған қатысты аталған бөлім талдау жасаған. Қорытындысында жоғарыда аталған жергілікті әкімдіктерден басқа да елді мекендерде кемшіліктердің бары анықталған. Мәжілісте аудан әкімі Асқарбек Есжанов тиісті сала басшылары мен кент және ауылдық округ әкімдеріне нақты тапсырмалар беріп, аталған мәселемен жұмыс жасауды міндеттеді.

Басқарма басшысы мен бөлімнің міндетін атқарушы да Асқарбек Темірбекұлының сынынан тыс қалмады. Жиында өңір әкімі баяндамада нақты талдаудың жоқ екенін дәлелмен көрсетті. Мәселен, қос бірдей хабарламашы бірінен кейін бірі қайталаған кейбір мәселелер осыған дейін шешімін тапқан.

Биыл 10 айда ауданда 3023 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Бүгінде оның 94,1 пайызы нақты жұмыс жасап тұр. Ал тоқтап тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің саны 178-ге жеткен. Аудан бойынша жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағытында атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттерге тоқталған аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Ғабит Ерболұлы осылай деді.

Жалпы жыл басынан бері тіркелген кәсіпкерлік субъектілерінің саны 469, ал жұмыс жасап тұрғандары 489-ға артыпты.

Облыс әкімінің шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің халық санына шаққандағы үлесін 9 пайызға жеткізу туралы хаттамалық тапсырмасын орындауда кемшіліктен көз сүрінеді. Мәселен, осыған дейін бұл меже Жалағаш кенті, Жаңадария және Таң ауылдық округтерінде ғана орындалып отыр. Ал қалған елді мекендер бұл межеге жетпеген. Тіпті 5 пайызға орындалмаған елді мекендер де бар екен.

2 →

Сыннан сабақ алған абзал

← 1

Жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің үлесін 95 пайызға жеткізу де жоспарланған болатын. Қараша айына дейін аталған көрсеткіш Аққұм, Аққыр, Аламесек, Бұқарбай батыр, Жаңаталап, Қаракеткен, Мақпалкөл, Мырзабай ахун, Таң және М.Шәменов ауылдық округтерінде 95 пайыздан жоғары орындалса, Жалағаш кенті мен басқа да ауылдық округтерде меже орындалмаған. Мәселен, Жалағаш кентінде 127 кәсіпкер, Мәдениетте 11, Ақсуда 9, Еңбекте 4, Жаңадарияда 4 кәсіпкер жұмысын тоқтатқан. Ғабит Ерболұлы меженің жыл аяғына дейін орындалмай қалу қаупі барын жасырмайды.

Жыл аяғына дейін кент және ауылдық округтерге халық санына байланысты, жаңадан 450 кәсіпкерлік субъектісінің тіркелуін қамтамасыз ету тапсырылыпты. 10 айдағы мемлекеттік кірістер басқамасының мәліметіне сәйкес, аудан бойынша 730 кәсіпкерлік субъектісі тіркелсе, 535 кәсіпкер жұмысын тоқтатқан. Ал Аққыр, Аламесек, Еңбек, Жаңадария, Жаңаталап және М.Шәменов ауылдық округтерінде көрсеткіш керісінше, яғни бұл елді мекендерде жұмысын бастаған кәсіпорындардан жабылғандар саны көп. Оның өз кезегінде ауданның кәсіпкерлік саласындағы көрсеткіштеріне кері әсерін тигізетіні сөзсіз.

Мәжілісте бөлім басшысы бірқатар кемшілікті жою үшін аудан басшысына ұсыныстар айтты. Оның барлығы да «Кент және ауылдық округ әкімдерінен қамтамасыз етуін талап етуіңізді сұраймын» деумен аяқталды. Асқарбек Темірбекұлының да бұл ұсынысқа қатысты сынында мін жоқ. Тапсырманы мен берсем, оны жергілікті әкімдіктер қамтамасыз етсе, сонда бізге бөлімнің не керегі бар? Бұл сауалға жауап болмады.

Асқарбек Есжанов бөлім басшысына 10 желтоқсанға дейін уақыт берді. Яғни апта соңына дейін кемшіліктер қалыпқа келуі тиіс.

2017 жылдан бері ауданда жұмыссыздық деңгейі 5 пайыздан сәл асып тұр. Әлеуметтің әлеуетіне қатысты жұмыссыздық деңгейінің 5 пайыздан түспейтініне тұрғындар қапалы еді. Ал кешегі жиында айтылған көрсеткішке қарап, «баяғымыз дұрыс екен» деген ой түйдік. Неге десеңіз, салаға жауапты басқарманың мәліметінде Жалағашта жұмыссыздық деңгейі 8 пайызға жеткені көрсетілген. Тіпті облыста біздің аудан көш бастап тұр екен. Ал аудан бойынша 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жобаның орындалуына тоқталған Қанат Шамшатұлының баяндамасындағы сандар басқаша сөйлейді. Тарқатайық...

Биыл ауданда 2 420 жаңа жұмыс орнын ашу көзделген. Оның 1 342-сі тұрақты болуы шарт. Ал желтоқсанға дейін 1 982 жаңа жұмыс орны ашылса, оның небары 724-і тұрақты екен. Бұл ретте алдағы 20-25 күнде меженің қалған 50 пайыздан астамы орындалмасы тағы ақиқат.

Аудандағы салаға тікелей жауапты бөлім басшысы жұмыссыздық деңгейі 5,1 пайыз дейді. Ал басқарма берген мәліметте сандар басқаша сайрайды. Осы ретте Асқарбек Темірбекұлы Қанат Шамшатұлына да мәселені реттеуге сәрсенбіге дейін уақыт берді. Кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс? Дұрыс болса, оны басқармаға шығып дәлелдеуі тиіс, шынында жұмыссыздық деңгейі жоғарыласа, оған жұмыс жасауы қажет. Бір сөзбен айтқанда, бірде-бір хабарламашының баяндамасында сараптау жоқтың қасы.

Жалағашта соңғы жылдары жетістігі мол сала болса, ол – спорт. Бұған басқаны қайдам, біздің таласымыз жоқ. Жиында осы салаға қатысты мәселелер мен атқарылған жұмыстар, жетістіктер сараланды. Алдымен бөлім басшысы Еркебұлан Жамалатов баяндама жасады. Артынан бірқатар сауалдың түйіні тарқатылды.

Саладағы жетістіктерге аудан әкімі де жоғары баға берді. Десе де әрбір қызметкердің жұмыс уақытында өз қызметіне адал болуын қадағалауды тапсырды. Әкімнің бұлай дейтін реті де. Себебі жуырда аудандағы бірқатар спорт нысандарында болып, басшыларын жұмыс орнынан таппаған кездер де орын алған көрінеді.

Басқосуда Дәуімбай елді мекеніндегі жабық бассейн жұмысына қатысты да орынды сын айтылды. Яғни аталған нысанның жұмыс жасауына жыл сайын бюджеттен 42 млн теңге қаражат бөлінеді екен. Ал жабық бассейн баржоғы осыған дейін 2,4 млн теңге қаражат тапқан. Осы ретте мейлінше жұмыс жасау талап етілді.

Жиында Еркебұлан Жамалатов аудандағы барлық спорттық нысандар бөлімнің меншігінде болса деген ұсынысын ортаға салды. Бұл оларды күтіп ұстауда таптырмас мүмкіндік екен. Ұсыныс орынсыз, әрине. Себебі олардың күтіміне ертең ауданнан тағы қаражат сұралатыны анық.

Аппарат мәжілісінде мұнан өзге де қосымша мәселелер көтерілді. Аудан басшысы оларға қатысты да тиісті тапсырмалар беріп, қай істе де жауапкершілікті бірінші кезекке қоюды міндеттеді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

«Балаусаның» бүлдіршіндері бақытты

Еліміздің келешегі жас ұрпақтың тәрбиесіне тікелей байланысты. Сондықтан Мемлекет басшысы мектепке дейінгі тәрбие беру ісін жандандыруға аса мән беріп отыр. Расында, ата-ана таңнан кешке дейін жұмыста жүретін бүгінгі қарбалас қоғамда балабақшаның ұрпақ тәрбиесіне ықпалы зор. Жыл сайын мемлекеттік және жеке балабақшалардың қатары көбейіп келеді. Алайда, соған сәйкес талабы да күшейіп отыр. Өйткені балабақша – бүлдіршіндердің екінші үйі. Тәлім-тәрбиені де сол жерден алады, алғашқы білім нәрін де сол ортадан сіңіреді. Әрине бұл орайда балабақша тәрбиешілерінің арнайы біліміне, біліктілігіне, тәжірибесіне, баламен жұмыс істеу қабілетіне, шығармашылығына тіпті мінез-құлқына қойылатын талап күшейеді. Бірақ ең алдымен балабақша ғимараты бүлдіршіндердің ойлауына, ойнауына, демалуына, білім алуына қысқасы, жан-жақты толығып, жетілуіне қолайлы һәм жайлы болғаны жөн. Бір сөзбен айтқанда, ғимарат құрылысы жаңа үлгіде, жобаға сай салынып, материалдық базасы да толық болуы тиіс.

Мәдениет ауылындағы №8 «Балауса» бөбекжай-бақшасы осы талаптардың барлығына сай жұмыс істеп келе жатыр. Аудандық білім бөліміне қарасты бұл тәрбие ошағындағы «Балапан», «Құлыншақ», «Ботақан», «Қарлығаш», «Қызғалдақ» секілді 5 топта 90 бүлдіршін бар. Оларға 18 педагог-тәрбиеші және психолог, әдіскер, логопед, музыка жетекшісі, дене нұсқаушысы қызмет көрсетеді. Барлығы да баланың тілін білетін, көңіл-күйін қас-қабағынан ұғатын білікті, тәжірибелі мамандар.

Өткен аптада №8 «Балауса» бөбекжай-бақшасында «Мектеп жасына дейінгі балалардың білім, білік дағдыларын АКТ арқылы дамыту» тақырыбында аудандық семинар-практикум өтті. Семинарды аудандық білім бөліміндегі әдістемелік кабинеттің әдіскері Бекзат Ерназарова ашып, мән-маңызына тоқталды.

– Қоғамда күн тәртібінен түспейтін бір мәселе болса, ол – ұрпақ тәрбиесі. Әсіресе мектеп жасына дейінгі балалардың тәрбиесі бізді қай кезде де толғандыруы тиіс. «Тәрбие – тал бесіктен» деп бекер айтылған жоқ. Баланың отбасынан кейінгі тәлім алатын ортасы – балабақша. Сондықтан біз балабақшадағы тәрбие беру ісін заман талабына сай сатылап дамытуға тиіспіз. Ол үшін бізге арнайы білімнен бөлек ұдайы ізденіс, тәжірибе керек. Бұл семинардың да мақсаты сол, – деді Бекзат Жантөреқызы.

Семинар барысында «Балауса» бөбекжай-балабақшасының дене нұсқаушысы Ермек Жақсылықұлы «Таңғы жаттығу», музыка жетекшісі Ақерке Қалатбек «Робот» биі, «Аспаптар оркестрі» және тәрбиешілер Алтынай Сүгірова «Не дәмді?», Анар Орманова «Үш торай», Айзада Сисенбаева «Тазалықтың достары», Ұлпан Рахметова «Күзгі бақша» деп аталатын көрнекті жұмыстарын көрсетті. Ал тәрбиеші Қалтай Боданова ата-анамен «Бала тәрбиесі – міндетіміз» атты тренинг жүргізді.

– Ата-ананың басты міндеті – балаға тәрбие беру. Жүйелік, функциялық өзгешелік, айырмашылықтары болмаса, балаға тәрбие беру ісінде қай ата-ана да, қай балабақша да бір ғана мақсатты көздейді, ол – баланың бойына өз кезеңімен адами құндылықтарды сіңіру. Біз де осы мақсат жолында еңбек етіп келеміз. Ертең қоғамның бір-бір бөлшегіне айналатын баланың тәрбиесі бүгін өз отбасынан, содан соң балабақшадан басталады. Сондықтан біздің әрқайсымыз тек балалар тәрбиеленетін орталықта қызмет істейміз деп емес, ұлттың ертеңгі көрешегі мен мемлекеттің келешегін қалыптастырып жатырмыз деп ұғынуымыз керек. Расында бүгінгі заман талабы бізге осындай жауапкершілік жүктеп отыр және тынымсыз еңбегіміздің нәтижесінде сол жауапкершіліктің үдесінен шығып келеміз. Ал бүгінгі өтіп жатқан семинардың біз үшін, әріптестеріміз үшін маңызы зор. Өйткені әрбір өткен семинарларда білім-білігімізді толықтырып, біз өзара тәжірибе алмасамыз, – дейді №8 «Балауса» бөбекжай-бақшасы меңгерушісі Лаура Қауқанова.

Семинар соңында бағдарлама негізінде педагогтарға аудандық білім бөлімінің сертификаты табысталып, бөбекжай әдіскері Айнұр Жұмабаева аудандық білім бөлімінің арнайы «Алғыс хатымен» марапатталды.

Қуат АХЕТОВ

Ғибрат

Иман нұры шалқыған

«Ауылыңда қартың болса, жазып қойған хаттай болар...» деген бабалар өсиеті осындайда ойға оралады. Бір ауылға ғана емес, рулы елге өнеге болған ауызы дуалы, сөзі уәлі алатаудай абыз ақсақалдарды қазірде өмірден бақилық болған кезде еске алып, аруағының алдында бас иеміз. Ондай ұлағатты кісілердің өзі дүниеден өткенмен, елдің жүрек төрінде аты өлмейді екен. Бүкіл туған елдің тауқыметі мен бірге қоғамның да ауыр жылдарда жүгін көтерген нар тұлғалардың бірі ғана емес, бірегейі бола білген Өмірзақ Серікбаев ағамызды бүгінде сағынышпен еске аламын.

Өмірі ұлағат пен өшпес өнегеге толы әзиз ағаның ғибратты ғұмырында бір қауым елдің шежіресі жазылған құжат қалдыруы қазіргі ұрпаққа рухани таптырмас азық болары сөзсіз. Қиюы қашқан қиын жылдарда өмірге келген Өмірзақ аға көптеген қиындықтарды басынан өткеріп, өзінің еңбекқорлығы мен қажырлылығының арқасында,таудай талабын жүзеге асырады. Сол кездегі қаламыздағы жалғыз маңдайалды жоғарғы оқу орны Н.В. Гоголь атындағы педагогикалық институтының тарих факультетін үздік бітіріп шығып, туған ауылында ұстаздық қызмет атқарады. Қабілеті қарымды, зейіні алымды ағаның еңбегі жоғары бағаланып, 1951 жылы Жалағаш аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшылығына сайланады. Көп ұзамай, 2 жылдан соң Қызылорда облыстық комсомол комитетінің екінші хатшысы болып қызметі жоғары сатыға көтеріледі. Мұнда абыройлы жұмыс атқарған аға 1954 жылы Сырдария аудандық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі, сол ауданның үгіт-насихат бөлімін басқарады. Он жылдан соң, шаруашылығы артта қалған «Октябрь» ұжымшарының басқарма төрағалығына сайланады. Қандай қызметте жүрсе де Өмірзақ аға жоғары жауапкершілік мен ерекше табандылықтың үлгісін көрсеткен. Қала өміріндегі қарбалас сала қалалық коммуналдық және жылыту мекемесінің директоры қызметінде де өзін жақсы қырынан көрсете білді. Біраз жылдан соң ұстаздықтың ұлы жолына қайта оралған асыл аға қаламыздағы Ғ. Мұратбаев атындағы орта мектепте 20 жыл үзбей жас ұрпаққа дәріс берді. Өмірзақ ағаның ұзақ жылдар елі мен халқы үшін жасаған ерен еңбегі еленбей қалған жоқ. Ол В. И. Лениннің туғанына 100 толуына арналған мерекелік медалі, «Ерен еңбегі үшін», «Ұлы Отан соғысы жеңісінің 50 жылдығы» медальдарымен марапатталған. Ол Қызылорда қалалық партия, кеңес органдарының мүшесі, аудандық кеңестердің депутаты болып бірнеше мәрте сайланған. Жеңгеміз Науат Нәбиқызымен 50 жылдай тату-тәтті өмір сүрген. Ағамыздың жан жары Науат апа да қоғам өміріне белсене араласқан, жоғары білімді, көзі ашық, көкірегі ояу жан болған. Жаны нәзік әйел заты болғанмен, партия қатарында болып, ел мүддесінде белсенділік көрсеткен. Өте өнерпаз, қоғамшыл, аққөңіл жайдары кісі болған. Ғұмырлары ғибрат пен өнегелі өрнекке толы Серікбаевтар отбасында 7 бала өркенін жайып, жоғары білім алып, ата-ананың даңғыл жолын жалғастырып, қоғамның белді жерлерінде қызмет жасап жатыр. Миуалы бәйтеректей бір қауым елге айналған ұрпағына жарық жұлдыздай иман нұрын сепкен Өмірзақ ағаның рухы ұрпағымын мың жасамақ.

Г. ҚОЖАХМЕТОВА

ЕНДІ ЕЛІМІЗДЕ ДӘРІГЕРЛЕР НАУҚАСТЫ ЕМДЕУДЕН БАС ТАРТА АЛАДЫ. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ АШЫҚ ҮКІМЕТ ПОРТАЛЫ АРҚЫЛЫ КӨПШІЛІКТІҢ ТАЛҚЫЛАУЫНА АРНАЙЫ ЗАҢ ЖОБАСЫНА ЕНГІЗІЛЕТІН ТҰЖЫРЫМДАМАНЫ ҰСЫНДЫ. ТҰЖЫРЫМДАМАДА ДӘРІГЕРЛЕР МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМ БАСШЫСЫНЫҢ КЕЛІСІМІМЕН ПАЦИЕНТТІ БАҚЫЛАУДАН НЕМЕСЕ ЕМДЕУДЕН БАС ТАРТА АЛАДЫ ДЕП КӨРСЕТІЛГЕН. МҰНДАЙ ЖАҢАШЫЛДЫҚ МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ НАУҚАСТАР ТАРАПЫНАН ЖАСАЛАТЫН ШАБУЫЛДАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ҮШІН ҚАРАСТЫРЫЛЫП ОТЫР ЕКЕН.

Заң жобасы кімге тиімді?

Денсаулық сақтау министрлігі ашық үкімет порталына жариялаған құжатта ақхалаттыларға жасалған шабуылдардың бір сыпырасы көрсетіліпті. Мәселен, қаңтар оқиғасы кезінде белгісіз біреулер жиырма денсаулық сақтау нысанын қиратып кеткен. Оның бесеуі – стационар, біреуі – алғашқы көмек көрсету орталығы, он төрті Алматыдағы дәріхана. Жаппай тәртіпсіздік кезінде жеті медицина қызметкері зардап шеккен. Сондай-ақ, құжатта жедел жәрдем қызметкерлеріне де жиі қоқан-лоққы жасалатыны жазылған. Сондықтан да медицина өкілдерін құқықтық тұрғыдан қорғау қажет дей келе, дәрігерлерге емделушіні емдеуден бас тарту құқығы берілуі мүмкін екенін көрсеткен.

Емдеуші дәрігер медициналық ұйымының тиісті лауазымды басшысымен келісім арқылы пациентті бақылаудан және оны емдеуден үш шарт бойынша бас тартады. Емделушінің өміріне қауіп төнбеген жағдайда, басқалардың денсаулығына қауіп төндірмегенде, бас тарту әкімшілік басқарманың лауазымды адамымен келісілген жағдайда жүзеге асады.

Яғни, медицина қызметкерінің өміріне немесе денсаулығына қауіп төнсе, ол науқасты емдеуден де бақылаудан бас тарта алады. Ал, бұл мәселеге келгенде көпшіліктің пікірі екіге бөлінді.

Одан бөлек, құжатта психикалық және мінез-құлқы бұзылған науқастарды дестигматизациялау бойынша шаралар қабылдау қажет екені де көрсетілген. Денсаулық сақтау министрлігі аталған тұжырымдаманы көптің талқысына 31 қазанға дейін талқылауды ұсынған. Алайда бұл тұжырымдаманы ел жылы қабылдап жатқан жоқ. Себебі онсызда ақ халаттыларға көпшіліктің назы бар секілді. Осы ақпарат әлеуметтік желіге жарияланғанын көрген емделушілер наразылық танытып, теріс пікір жаза бастады. Соның кейбірін осында көрсетуді жөн санадық. «Қабылдап жатқаны шамалы еді, енді мүлдем емдеуді қоятын болды. Ауырып барсаң да солардың қас қабағына қарап отырасың» десе тағы бірі «Ол заңды қабылдаған адамдар мен олардың туыстары шет елде емделеді. Сондықтан олардың басы ауырмайды.Дәрігерге қауіп төнсе, полицияны көмекке шақырсын» десе, бәзбірі ұсталатын медициналық сақтандыруды халықтан ұстамау жайлы талап қояды.

«Мынау қандай заң. Онда страковка ұстамасын халықтан. Ай сайын премия алып жатыр, Не үшін алады айлық, премияны. Заң дұрыс емес». Сан түрлі адамдардың пікірін сараласақ, бұл жаңалыққа іші жылып, жөн санаған жақсы пікірді көрмедік. «Халық қаласа, хан түйесін сояды» деген бар ғой. Дүйім жұрттың талап-тілегі ескерілуі керек.

Тек қана дәрігерлер емес,басқа салада жұмыс істейтіндерде, ұрысты да, боқтық сөзді естіп,таяқты да жеп жұмыс жасап отыр, халық пен жұмыс істейтін мекемелердің бәрінде жұмыс істеу қиын, дәрігер бола тұра халықты емдеуден бас тарса, дәрігерлікті оқымасын

«Енді қызық болады, өзі дым білмейтін дәрігерлерге жақсы болды, қарап жатқаны шамалы еді осыған дейін, сонда халық не істейді?Оданда парақорлықты тоқтату керек, сол кезде жақсы болады.

Бұрын қарап жүр ме еді науқастарды? Жедел жәрдем шақырса уақытында өмірі келмейді. Әрине халық ашулы Енді мына заңдарың жығылғанға жұдырық болды. Халық одан сайын ашуланатын болды. Шыдамның да шегі бар дегендей. Тағы бір әлеуметтік желідегі кісі елді сабырға шақырыпты.

«Барлығына бірдей отказ беру емес бұл, егер дәрігер өміріне қауіп төнсе ғана қарастырылатын жағдай» деп жазба қалдырыпты.

Әрине, жақсылыққа, ізгілікке сенейік. Бірақ қарапайым қарашаның да айтар назы бары рас. Кез-келген нәрсенің екі жағы бар. Жақсылыққа сенгеніміз жөн болар. Бұл өзгеріс те кей жағдайда керек те болар. Адам өмірі бәрінен қымбат. Осындай өзгеріс болды деп ақ халаттылар Гиппократ антынан безбейтін болар. Әр жаңалыққа екпіндей қарайтын әрекетіміз бар. Мұның да оң шешімі бар болар. Әліптің артын бағайық.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

Тарих

Халқына қайта оралған есімдер

Қазақстанның кеңестік басқару кезеңіндегі алғашқы жиырма жылдық тарихы жан-жақты зерттелген деген пікір бар. Бірақ шын мәнінде қазақ халқының сол кезеңдегі тарихы Кеңес заманында тек жақсы жағынан ғана паш етіліп, сұмдық беттері тек жеңіл-желпі айтылды. 1917 жылғы екі бірдей төңкерістің қанды құрсауы, 1918-1922 жылдары азамат соғысының өрті, аштық пен кеңестік кезеңнің қазаққа жасаған зұлматы жайлы тарихи деректер еліміз тәуелсіздік алғаннан соң ғана ашылып келеді.

Ал жариялылық кезеңіне дейін бұйрықшыл, бюрократтық жүйе мен тәртіп зұлмат науқаны мен 1930-1950 жылдардағы репрессия құрбандары жөніндегі шындық нақты айтылмады. Осы жылдарда ОГПУ, НКВД, МГБ секілді қауіпсіздік органдарының қолымен мыңдаған адам, ең алдымен қазақтың зиялы азаматтары жазықсыз қуғын-сүргінге ұшырады.

Бұл қанды жылдар халық есінде мәңгілік өшпестей жазылып қалды. Осының бәріне себеп болған жеке адамға табынушылық, зорлық-зомбылық пен заңсыздық, Сталиннің жаппай ұжымдастыру және индустриализациялау саясаты өкіметті жеке басқару режимін жасаудың алғашқы қадамы болды.

Күштеп жүргізілген ұжымдастыруға қарсы бүкілхалықтық наразылық орын алды. Тек біздің облыс территориясында Қарақұм, Қызылқұмда және тағы басқа жерлерде шаруалардың қарулы көтерілістері болғаны толық дәлел бола алады.

Бұл наразылық қозғалыстары ОГПУ мен шолақ белсенділерден құралған қарулы отрядтардың күшімен аяусыз жаншылды. «Осы көтерілістердің бәрін байлар мен ұлтшылдар ұйымдастырып отыр» деген жала жабылды.

1930 жылдардың соңында ұлт зиялыларының басына үлкен нәубет төнді. Сол 1937 жылы басталған халқымыздың таңдаулы зиялы қауымын қудалау жүйелі түрде ұзақ уақыт жүргізілді.

Бұл жылдары мемлекеттік басқару орындарындағы және өнер, әдебиет, мәдениет салаларындағы ұлт зиялыларына соққы алдыңғы кезекте тиді. Оларға «Жапонның шпионы», «Қазақстанды КСРО-дан бөліп алуға әрекет жасады» деген секілді қисынсыз айыптар тағылды. Бұл айналып келгенде ұлтымыздың озық ойлы арыс ұлдарын түпкілікті құртып, бүтін бір ұлтты ноқталап ұстау мақсатында жасалған әрекет болатын.

Сол жылдары қазақ елінің мақтанышы болған мыңдаған зиялы қауым өкілі түрмеге жабылды. Оларға түрлі айла-шарғылармен жала жабылып, ақырында көпшілігі ең ауыр ату жазасына кесілді.

Еліміз егемендігін алғаннан кейін заманында бүкіл қазақ жұртының мақтанышы болғандары үшін жазықсыз атылып кеткендер толық ақталып, олардың есімі ұлықталып, еңбектері кең көлемде насихаттала баста ды.

Қиянат пен зорлық-зомбылықтың құрбаны болған ауданнан шыққан азаматтардың бірі Сермахан Тұрабаев еді. Ол кісі 1903 жылы Сырдария облысы, Қазалы уезі, Қармақшы болыстығының қамтуындағы №5 ауылда (кейін Қармақшы ауданының №3 ауылдық кеңесі) дүниеге келген. 1930 жылдың қаңтар айынан бастап ВКП (б) мүшесі, қамауға алынғанға дейін Қармақшы аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған.

Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің қаулысымен С.Тұрабаев өзге 7 кісімен бірге 1938 жылдың 8 маусымында тұтқынға алынған. Оларға қарсы РСФСР Қылмыстық Кодексінің №58 санды бабының №2,7,11 санды тармақтары бойынша қылмыстық іс қозғалған.

Оларға «Кеңес үкіметіне қарсы ұлттық ұйымның мүшесі болған, осы ұйымның тапсырмасымен партия мен үкіметтің шараларына қарсы ауданда жауыздық-дұшпандық жұмыстар жүргізген, аудандық қаржы бөлімінің саласы бойынша жеке секторды қуаттап, оларға салық салмаған, дін басындағылар да салық төлемеген, сонымен қатар ТОЗ-дың ауыл шаруашылық артелінің уставына енуін әдейі тежеп отырған, колхоздар үшін ауданға ауыл шаруашылығы машиналарын әкелуге ешқандай шара көрмеген, колхоздарға минералдық тыңайтқыштар беру жұмысы жүргізілмеген, ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде жоспарлы жұмыстар бетімен жіберілген, қаржы тәртібі бұзылған, мұғалімдерге 2-3 айлап еңбекақылары төленбеген, бюджет қаржылары заңсыз артық жұмсалған. Ұйымның тапсырмасымен бұлар контрреволюциялық жиындарға қатысып, ұйымға адам тартумен, дұшпандық жұмыстар жүргізумен айналысқан» деген айыптар тағылған.

Сермахан Тұрабаев Қызылорда облыстық сотының көшпелі сессиясының 1939 жылғы 10 қыркүйектегі үкімімен 15 жылға бас бостандығынан айыруға, негізгі жазасын өтегеннен кейін 5 жылға саяси құқығын жоюға сотталып, жазасын өтеуге Қиыр Шығыстағы бір еңбекпен түзеу лагеріне жіберіледі.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмыстық істерді қарайтын сот коллегиясының 1940 жылғы 26 шілдедегі ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1939 жылғы 10 қыркүйектегі үкімі толығымен бұзылып, РСФСР ҚК-ның №58-бабының №2,7,11 санды тармақтары айыптау ісінен алынып тасталған. (ҚО ҚСТМА, 234-Қор, 11-Тізімдеме, 63–Іс, 8–9 б.б.).

Қызылорда облыстық НКВД басқармасы тергеу бөлімінің 1940 жылғы 27 қарашадағы қаулысымен Қазақ ССР Жоғарғы сотының 1940 жылғы 26 шілдедегі ұйғаруымен келісіп, қылмыстық істі өндірістен қысқартқан.

С.Тұрабаев ақталғаннан кейін елге оралып, қызу еңбекке араласады. 1941 жылы соғыс басталысымен Қызыл Армия қатарына алынып, 1942 жылы денсаулығына байланысты әскери қызметтен босатылады. Жалағашқа оралысымен ол кісі бірнеше жыл бойы аудандық кеңес атқару комитетінде хатшы, мемлекеттік банктің аудандық бөлімшесінің меңгерушісі болып жұмыс жасайды.

1955 жылы аудан басшылары С.Тұрабаевты ауданда барлық көрсеткіштер бойынша артта тұралап қалған «Еңбек» колхозының төрағасы етіп тағайындайды. 1956 жылы аталған колхоз мемлекетке астық өткізу жоспарын 150 пайызға асыра орындап, 1 млн 200 мың сом таза пайда тауып, «миллионер колхоз» атанады. Осы қаржыға колхозда бастауыш мектеп ғимараты, гараж, монша секілді құрылыстар тұрғызылады. 1957 жылы ерен еңбегі үшін С.Тұрабаев «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталады. (ҚО ҚСТМА, 234–Қор, 11–Тізімдеме, 63–Іс, 11–29 б.б.)

Ұзақ жылдар бойы ауданның ауыл шаруашылығы саласында еңбек еткен атпал азамат 1990 жылдың қаңтар айында ұзаққа созылған ауыр науқастан Жалағаш қыстағында қайтыс болды.

Тағы бір жерлесіміз Әбдірашит Бердаулетов 1898 жылы Сырдария бойындағы «Арықпан қыстауы» дейтін, кейіннен Аманкелді ауылдық Советінің Елтай Ерназаров атындағы колхоз ұйымдасқан жерде кедей шаруа отбасында дүниеге келген.

Жасынан тұрмыс ауыртпалығын көрген әкесі Бердәулет баласын сауаттандыру мақсатында Қауымбай молда мектебіне қоныс аударып, кейін теміржол бойындағы №5 разъезд маңындағы атақонысына келіп өмір сүрген.

Ә.Бердаулетов елде Кеңес үкіметі орнаған жылдары «Қайыршақты» және «Иіркөл» маңындағы отырықшы елде жалшы жастар үйірмелерін ұйымдастырып, саяси сауат ашу жұмыстарымен айналысады. Кейінірек Байұзақ болыстығында бастауыш партия ұйымдарын ашу және оларды нығайту жұмыстарына белсене қатысады.

1925 жылдары Ақсу елді мекенінен (қазіргі Жалағаш кентінің орны) ең алғаш төте оқу мектебін ашады. Мұнда ұзақ жылдар педагогикалық жұмыста жүріп, алғашқылардың бірі болып 1929 жылы партия қатарына өтеді. 1925-1929 жылдары аралығында Тереңөзек ауданында мұғалім болып бала оқытады. 1929-1930 жылдары Тереңөзек аудандық ағарту бөлімінің басшысы қызметтерін атқарады.

Осы жылдары оқу-ағарту мекемелерін басқарады, аудандық атқару комитетінде басшы жұмыстарда жүріп, мектеп оқулықтарын жасау, қазақ тілінің емлесін жазудағы педагогтар тобында М.Алшынбаевпен бірге жұмыс жасайды. 1930-1931 жылдары аралығында партия қызметіне жоғарылатылып, Қармақшы аудандық партия комитетінде хатшылық жұмыс атқарады.

1931-1934 жылдары республикалық Жоғарғы партия мектебінде (КомВуз) оқиды. 1934 жылы аталған оқу орнын бітіргеннен соң ВКП (б) Қазақ Өлкелік комитеті оны Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің қарамағына жібереді.

Оңтүстік Қазақстан ВКП (б) облыстық комитеті бюросының 1934 жылғы 21 қазан күнгі шешімімен Ә.Бердаулетов Түркістан аудандық «Қызыл Түркістан» газетінің бас редакторы болып тағайындалады.

Бұл тағайындау жайлы Шешімнің үзіндісінде: «Слушали: О редакторе Туркестанской районной газеты.

Постановили:

1. редактора Туркестанской районной газеты тов. Искараева отозвать и передать в редакцию «Онтустик Казакстан».

2. Редактором газеты «Кзыл–Туркестан» назначить т. Бердавлетова А., чл. ВКП (б) с 1929 г. (прибывший по путевке Крайкома ВКП (б).» деп баяндалған. (ОҚОМА, 182-Қор, 7-Тізімдеме, 65-Іс, 4-бет).

Бірнеше рет аудандық партия комитеттерінің құрамына және бюро мүшелігіне, Оңтүстік Қазақстан облыстық партия конференциясына делегат болып сайланады. 1937 жылы «Қазақстанның XV жылдығы» төсбелгісімен марапатталады.

Бұл жөнінде бұрынғы Шымкент облыстық партия комитетінің партия архивінен алынған құжаттан үзіндіде: «По документам партийного архива Чимкентского обкома Компартии Казахстана значится, что Бердаулетов Абдрашит был членом бюро Туркестанского райкома партии в 1937 году, награжден значком «15-летия Казахстана». На VII Туркестанской районной партийной конференции, которая проходила 15 мая 1937 года, избирался членом райкома, делегатом на III-областную партийную конференцию, которая проходила с 25 мая по 2 июня 1937 года» деген анықтама берілген. (ОҚОМА, 182-Қор, 7-Тізімдеме, 651-Іс, 3-бет).

Ә.Бердаулетов жалған айып бойынша 1938 жылдың маусым айында тұтқынға алынып, бір жылдан кейін еңбекпен түзеу лагерінде қайтыс болады.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының 1967 жылғы 8 желтоқсан күні берген №13/7-13/67 санды анықтамасында «Дело по обвинению Бердавлетова Абдрашита, 1898 года рождения, до ареста работавшего редактором газеты «Кзыл-Туркестан» пересмотрено судебной коллегией по уголовным делам Верховного суда Казахской ССР 7 февраля 1967 года.

Приговор Южно-Казахстанского областного суда от 24 июня 1938 года в отношении Бердавлетова Абдрашита отменен и дело производством прекращено за отсутствием в его действиях состава преступления. Бердавлетов Абдрашит–реабилитирован» деп көрсетілген. (ОҚОМА, 182-Қор, 7-Тізімдеме, 651-Іс, 9-бет).

Қорыта айтқанда, саяси қуғын-сүргін жылдары тарихтың шерлі беттерінің бірі болып қала бермек. Кеңестік әкімшілік-жазалаушы жүйе еңбектеген сәбиді, еңкейген кәріні, болмысы нәзік әйелді де аяған жоқ. Біздің ендігі борышымыз – осы қанқұйлы жылдардың оқиғасын, оның жазықсыз құрбандары болған азаматтардың есімін ұмытпау, оларды мәңгі есте сақтау.

Аталған мақала аудандық музей қорындағы деректер мен Қызылорда және Түркістан облыстарының мемлекеттік архивтерінен алынған мұрағаттық түпдеректер негізінде жазылды.

Айгүл ПІРЖАНОВА,
Бұқарбай батыр тарихи музейінің ғылыми қызметкері

Атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі-АӘК) табысы аз азаматтарға берілетін ақшалай төлем түрі. АӘК-ке жүгінген азаматтарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бойынша шаралар ұсынылады, яғни оқытуға, жастар тәжірибесіне, қоғамдық жұмыстарға, әлеуметтік жұмыс, тұрақты жұмыс орындарына жолдама беріледі.

Атаулы әлеуметтік көмек туралы

АӘК алатын отбасылардың балалары кепілдендірілген әлеуметтік топтамамен қамтамасыз етіледі. Атаулы әлеуметтік көмек екі түрге бөлінеді: шартсыз және шартты ақшалай көмек.

Шартсыз ақшалай көмек еңбекке жарамсыз азаматтары бар отбасыларға немесе отбасының еңбекке жарамды жалғыз мүшесі объективті себептермен жұмысқа орналасуға мүмкіндігі жоқ отбасыларға беріледі. Шартсыз ақшалай көмек алу үшін жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысу талап етілмейді. Шартсыз ақшалай көмек өтініш берген айдан бастап ағымдағы тоқсанға тағайындалады және ай сайын төленеді.

Шартты ақшалай көмек беруде өз құрамында кемінде бір еңбекке қабілетті мүшесі бар отбасыларға арналған және әлеуметтік келісімшарт жасалады. Аталған көмек өтініш берген айдан бастап тағайындалады және ай сайын немесе біржолғы төлем түрінде төленеді.

АӘК тағайындау үшін табысы аз отбасылар (азаматтар) тұрғылықты жері бойынша Халықты жұмыспен қамту орталығына, ауылдық жерлерде ауыл, кент, ауылдық округ әкімдігіне жүгіне алады.

Сондай-ақ АӘК отбасының әрбір мүшесіне кедейлік шегінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табысы бар азаматтарға тағайындалады.

Бүгінгі күні кедейлік шегі күнкөріс деңгейінің 70% деңгейінде немесе 2022 жылдың 3 тоқсанына орта есеппен 28781 теңге болып белгіленген.

Осылайша, бір адамға (отбасына) келетін АӘК-тің мөлшері жан басына шаққандағы орташа кіріс пен отбасының әр мүшесіне негізделген белгіленген кедейлік шегінің арасындағы айырма ретінде есептелетінін хабарлаймыз.

Аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі

ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ
“МӘДЕНИЕТ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ”
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ШЕШІМ

Жоба

Көшені қайта атау туралы

“Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы” Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына және облыстық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 18 тамыздағы қорытындысына сәйкес, Мәдениет ауылдық округі әкімі **ШЕШТІ:**

1. Мәдениет ауылдық округінің Мәдениет ауылындағы қайталанатын Айнаш Балғабаева тұйық көшесі “Көшекбай Ералиев” есімімен қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәдениет ауылдық округінің әкімі **А.Мұстафаев**

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
"АППАРАТ АКИМА СЕЛЬСКОГО ОКРУГА МАДЕНИЕТ”
АКИМАТА ЖАЛАГАШСКОГО РАЙОНА

РЕШЕНИЕ

ПРОЕКТ

О переименовании улицы

В соответствии с подпунктом 4) статьи 14 Закона Республики Казахстан "Об административно-территориальном устройстве в Республике Казахстан" и заключением областной ономастической комиссии от 18 августа 2022 года аким сельского округа Мадениет **РЕШИЛ:**

1.Переименовать переулок Айнаш Балгабаевав селе Мадениет сельского округа Мадениетна имя “Кошекбая Ералиева”.

2. Контроль за выполнением настоящего решения оставляю за собой.

3.Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня первого официального опубликования.

Аким сельского округа Мадениет **А.Мустафаев**

Қырық күн өтті өзіңсіз



Зымырап жатқан уақыт деген осы шығар, сірә. Ұлағатты һәм ардагер ұстаз, отбасымыздың ошағын өшірмеген ардақты ана Ұлия Қалжанованың да ортамызда жүргені кеше ғана сияқты еді. Бүгінде сол ардақты жаннан айырылып қалғанымызға да 40 күн болыпты. Қамшының сабындай қысқа ғұмырда ешкім де мәңгілік емес, тағдырдың басқа салған сынағына сабыр қылмасқа пендеде шара болып па?! Десе де бүгінде сол аяулы анамыз жайында өткен шақпен естеліктер айту бізге де оңай соқпайды.

Қалжанова Ұлия Қайыпқызы 1958 жылы 4 қазанда дүниеге келген. Отбасының ұйытқысы болған аяулы анамыз 2022 жылдың 3 қарашасында дүниеден өтті. Бұл қайғы бізді бір-ақ күнде есеңгіретіп тастады. Анамыз ұзақ уақыт білім саласында абыройлы қызмет етіп, ұрпақ тәрбиесінде өзіндік із қалдырды. Ол жүрегі кең ана, мейірімді әже, ортасына, әулетке сыйлы, бауырларына құрметті жан болатын. Уақыт жүйрік. Міне, анамыздан айырылғаннан бері де қырық күн өте шығыпты. Көңіл сынық... Десе де соңында із қалғаны, жақсы ісі көңілге демеу. Небары 64 жасында дүниеден өткен анамыздың жарқын бейнесі жадымызда мәңгі сақталады. Жаныңыз жұмақта шалқысын. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманың жолдас болсын, ардақты ана.

Ерекше нұр таратып өміріме,
Қапыда қаяу салып көңіліме.
Бақиға бет түзедің жаным, ана,
Ұмыту мүмкін емес сені мүлде.

Қырық күн, өзің жоқсың ортамызда,
Тек қана сабырменен етем дұға.
Жаныңыз жұмақта шалқысыншы,
Күн сайын сағым болған, асыл ана!

2022 жылдың 10 желтоқсанында сағат 12.00-де Ақсу ауылы, Бостай би көшесі №23 үйде анамыз Қалжанова Ұлия Қайыпқызының 40 күндік асы берілетінін барша ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жаранға хабарлаймыз.

Еске алушылар Байкемеловтер әулеті, балалары

Автокөлігіңізді өрттен сақтаңыз

Өрт айтып келмейтін апат. Ол тек тұрғынжай мен табиғат аясында ғана орын алмайды. Ол тіпті автокөлікті де аяқасты апатқа ұшыратуы мүмкін. Бірақ сақтансаң оқыс оқиғалардың алдын алуға болады. Ал қауіпсіздік шараларына немқұрайды қарау өз өміріңізге қатер төндіргенмен бірдей.

Жанған резеңкенің, бензиннің иісі, автокөліктен шығатын түтін жүргізушіге тек болмашы ақау туралы ғана емес, өрт болу мүмкіндігі туралы да ескертеді. Қарсы келе жатқан көліктердің жүргізушілерінің белгі берулері байқалмаған қауіп туралы хабарлау болуы мүмкін. Статистика көрсеткендей, жүз көліктің біреуі ғана авария кезінде өртенеді. Басқа жағдайларда өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін бұзуынан, электр құралдары жүйесіне салғырт қараудан, сонымен қатар осы жүйеге білікті қатынастың болмауынан басталады. Төгілген жанармай да талай қайғылы оқиғаларға себеп болатынын бәріміз білеміз. Кейде жанармайдың лап етуі үшін гайка кілтін түсіріп алу жеткілікті. Өрт сөндіруші мамандардың айтуынша өртке оранатын автокөліктердің дені шетелден әкелінгендер. Өйткені олардың көбі біздің жолдарға икемделмеген. Тағы бірде көліктегі синтетикалық материалдар анықталған температураға дейін шыдап, содан соң ғана жанады, оны сөндіру өте қиын. Салонда өрт басталғанға дейін де адам көліктің ішінде бір жарым минуттай уақыт қана отыруына болады. Сондықтан оттың бірінші белгілерінде көлікті тоқтатып, жандырғыш кілтін суырып алып, қол тежеуішіне қою керек. Егер түтін капот астынан шықса, онда оны абайлап ашу керек, оттектің келуінен оттың лап етуі мүмкін. Отты өрт сөндіргіштің газ немесе көбік ағысын жану ошағына және өрттің барлық алаңы бойынша бағыттап сөндіру керек. Тағы бір әдіс – біртіндеп кеңістікті ала отырып, өшіру керек. Әрине, бірнеше өрт сөндіргішті қолданған тиімді, сонымен қатар кәдімгі өрт сөндіру құралдары – құм, брезент, қар, суды қолдануға болады. Яғни ең бастысы өртті сөндірудің қарқындылығына мән берген жөн. Осы уақытта өз қауіпсіздігіңізді де ұмытпаңыз. Қолдарыңыз бензинде, киіміңіз оның буымен иісі сіңген болуы мүмкін. Өрт қауіпсіздігі ережелерімен отыны аққан және электр жүйесі бұзылған көлікті гараждың ішіне қоюға да тыйым салынады.

Сонымен бірге автокөлік тұратын жерде күнделікті тұрмыста пайдаланатын заттарды, 20 литрден көп бензинді, 5 кг көп майлайтын материалды сақтауға тыйым салынады. Сондай-ақ гараждың ішінде көлікті бояуға, қозғалтқышты жылыту үшін шырақты қолдануға, бөлшектерді керосинмен, бензинмен тағы басқа да жанғыш заттармен жууға, пайдаланған мұнай өнімдерді канализацияға немесе гараж аймағына төгуге тыйым салынады.

Аккумулятор батареясын да қайтадан зарядтау қауіпті. Өйткені осы уақытта бос сутегі бөлінеді. Ол ауамен қосылған кезде ұшқыннан жарылуы мүмкін. Сондықтан қайтадан зарядтау кезінде ашық отты қолдануға болмайды, ал аккумуляторды төсенішке берік бекіту керек.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Бұрынғылар дүниеқоңыздығы жоқ, шаруаға да шалағай, өзімен өзі жүретін момын жандарды сыртынан «ол әулие адам ғой» деп жататын. Келеке, қылжақ үшін келемеждеп немесе бас араздығының ақысын алғалы мысқылдап айтпайды, оларға халықтың ризашылық көңілімен берген бағасы сол. Расында, ешкімге зиянын тигізбей, біреудің сыртынан ғайбат сөйлемей, өзіне қатысы жоқ әңгімелерге немесе өзінің қабілет-қарымы бойлай бермейтін пікірталастарға араласпай, жөнімен жүретін кісі әулие емей кім?!

«Әулие адамдар» азайып барады

Осы төңіректе Зарлық деген ағамыз болды. Өзі Таң ауылының «Сарыкөл» учаскесінде тұрды. Бірақ біздің ауылға көп келетін. Бір оқиға есімнен кетпейді. Ойын баласымыз, көшенің орта тұсында тұратын бір сыныптасымыздың үйіне жиналып алып ауласындағы жаңа түсірген шегеқұмның үстінде күресіп жатырмыз. Түске таяу әлгі үйдің қақпасынан басына ақ шәпке киген орта бойлы, толықша денелі адам кірді. Үйге кірмей, үйілген құмды шашып ойнақтап жүрген бізге жылы жымиып тамашалап қарап тұрды. Арамыздағы төртпақ денелі Қазыбектен бәріміз жеңіліп қаламыз. Күрестің әдіс-тәсілін білмесе де сұмдық қарулы, бір бұрап тыраң еткізеді. Бірақ әлгі кісі бізді кезек-кезек мақтап, Қазыбекке қарсы күрестіре берді. Жығылып қалсақ та «Қайта күресіңдер, сен жығасың» дейді бізді қайрап. Қайта белдесе кетеміз. Тағы да жауырынмен топ ете түсеміз. Не керек, Қазыбек те, біз де шаршадық. Жайылған құмның үстінде отырмыз. Бір кезде әлгі кісі қалтасынан бүктеле-бүктеле ақжем болған бірнеше қағаз ақша шығарды. Ұмытпасам, сарғыш бояулы бір сомдықтар. Сылдыраған тиындары және бар. «Осы жолы қайсың жеңсеңдер, соныңа ақша беремін» деді. Көзіміз жайнап кетті. Отырған орнымыздан атып-атып тұрдық. Қазыбек осы жолы шындап кірісті. Бәрімізді жапырып, жайпап барады. Бір кезде бәріміз оған жабыла кеттік. Сонда да құлата алмаймыз. Сөйтіп жатқанда қақпаның есігі ашылып, үйдің иесі кірді. Жай кірген жоқ, боқтықты бората кірді. Ашуланатынындай бар еді. Қыс болса, албар қорасындағы шөбін шашамыз, жаз болса, ауласындағы құмын шашамыз. Шарбақ қоршаудың қырық жамау тесіктерінен тышқанша зып беріп сыртқа өтіп, тым-тырақай қаштық. Соңымыздан «сыбағамызды» жөнелтіп жатыр.

Кешқұрым сыныптасымыздан естідік, әлгі бізді күрестіретін кісінің аты Зарлық, әкесінің құрдасы екен. Әкесі құрдасына «Баламен бала болдың» деп ашуланған соң Зарлық ағамыз қолына күрек алып үйінің алдындағы біз шашып кеткен құмды үн-түнсіз тап-тұйнақтай етіп жинап беріп кетіпті. Сөйтіп біз сол күні ақшадан құр қалдық, есесіне, мінезі де, көңілі де бала сияқты тап-таза таңғажайып адам көрдік...

Зарлық ағамызды есейген соң да бірнеше рет көрдім. Бірақ жақын сөйлесудің сәті түспеді. Ол кісі жайында ел аузында аңызға бергісіз әңгіме көп және соның барлығы да ағамыздың баладай аңғалдығы, дұрысы, адами тазалығы жайында. Көңілі даңғырлап тұрған адамның пейілінде жұрнақтай арамдық болмайды және ондай жандар барынша аңғал, алаңғасар келеді. Ондай адамдардың Құдай тілеуін береді. Өйткені олар Құдайдан артық ештеңе сұрамайды, тілейтіні – өзінің, ұрпағының амандығы. Осындай кісілерді ғой бұрынғылардың «әулие» деп құрмет тұтатыны. Зарлық ағамыз жайында айтылатын көп әңгімелердің бірі – оның жолы болғыштығы. Таңертең үйінен шығып сол кездегі №6 МАЙ бекеті орналасқан, төрт торапты тоғыстырып жатқан күре жолдардың қиылысынан ерсілі-қарсылы өтіп жатқан көліктердің біріне өз бағытына қарай отырып, бір-екі аудандағы жұмысын бітіріп, жолшыбай көліктерге ауысып мініп, кешке дейін үйіне оралады екен. Тіпті жол бойы көліктің бірінен түсіп, біріне мініп, бір тәуліктің ішінде көрші облыстарға да барып келеді екен. Құдай өзінің сүйген құлына назарын салып, жолын оңғарамын десе, жерді қойып, әп-сәтте көкті де шарлатып келеді ғой. Бірақ аспанды аралауға ағамыздың аса зауқы болмаған сияқты. Әйтеуір, жолаушылап жүріп жер үстінде жыбырлаған техниканың бәріне отырған деседі жұрт. Нағашылы-жиенді, жезделі-балдызды туыстық жақындықтары бар кісілердің жолы, жөнімен қалжыңдасқаны болмаса, жалпы былайғы жұрт Зарлық ағамызды құрметтейтін. Әрине сол әулиедей таза болмысы үшін...

Ал қазір жұрттың даң-дұң әңгімесіне құлақ түрмей, саясатқа араласпай, өз шаруасын ғана біліп, тыныш жүрген адамның өзін көк есекке теріс мінгізетін алағай заман туды. Қай күні ауылдағы шаруа баққан бір ағам: «Менің билікте алты аласым, бес бересім жоқ. Саясат дегенді мүлдем түсінбеймін, түсінбеген соң алыстан алты қыр айналып өтемін. Менсіз де біраз адам сол түлкібұлаң саясат дегенмен айналысып жүр ғой. Қазір жастарды айтпағанда, айналамдағы кемпір-шалдарға дейін бастары қосыла қалса саясат сапыратын болған. Мен бірдеңе десем, елге жаны ашымайтын безбүйрек атандырады. Сосын қойдым, қазір үндемеймін. Құдай жолы, тойларда билікті сынап-мінеп, өзара қызылкеңірдек болып айтысып тарайды. Кейбіреуінің ішінде жақын адамына деген өкпе, реніш, тіпті кек кетеді. Әй, саясатта несі бар олардың? Өз тірліктерімен айналыспай ма?! Елді түзеуге ниетті адам ең алдымен өзін түзейді ғой. Ашынғаннан айтасың, сол «кемеңгер», «көсемнің» көбі өз отбасын дұрыс ұстай алмай отыр дәл қазір. Балаларына сөзі өтпейді. Отбасында қадірі қашқан неменің халыққа қадірі бола ма? Ондай адамның өзінде де, сөзінде де пәтуа болмайды ғой. Жоғары билікте отырғандар қараша халыққа жасап отырған қиянатының жауабын түбінде бір берер, бұл дүниеде сұралмаса, ана дүниеде азабын тартар. Ал ауылдағы ағайын саясаттың салқынымен берекелі бірлігін бұзбай, адалдан мал жиып, пұл тауып тірлігін жасай беруі керек қой. Менің күніне Құдайдан тілейтінім тек отбасымның, елімнің амандығы. Одан басқаға уақыт жоғалтқым келмейді” дейді.

Жөн сөз. Қазір жұрт қоғамдық өмірде де, әлеуметтік желіде де сол саясат дегенді ортақ тақырып етіп алып, бір-бірін аяусыз «жеп» жатыр. Кекету, мұқату, қылжақтау. Қарапайым халыққа жандары ашып, елге болсын дейтін азаматтар жоқ емес, бар ғой. Бірақ солардың есебінен дәрежесін көтеріп, бедел жинайтын қуаяқтар одан да көп және әлгіндей әулиепейіл адамдарды ел ісіне араласпайтын бейшара, сорлы қылып көрсетіп, үнемі қыжыртып отырады. Ал шын мәнінде қоғамның тепе-теңдігін ұстап тұрған сол «әулие» адамдар. Мәселен, қазірде бәріміз балажан болып көрінгіміз келеді. Бірақ біздің ол жасанды, өтірік әрекетіміз сәскеге таяу терезенің қырауын ерітіп түсіп тұратын күннің сәулесі секілді артынша бәрібір көрініп қалады. Осындайда ойын балаларын бір-бірімен қайта-қайта күрестіріп, солармен бірге ойнап және содан өзі ләззат табатын Зарлық ағамыз еске түседі. Тіпті өзі қонақ болып келген үй иесі ашуланғанда, біз шашып кеткен құмды үн-түнсіз өзі жинап кеткенінің өзі неге тұрады?!

Ал дәл қазіргі уақытта көпшілік «анау әулие адам» деп сыртынан жақсы ниетпен сүйсініп көрсететін кісі бар ма? Бар, әрине! Бірақ қазір біз «әулие» деген қастерлі сөзді адамдардың жан тазалығына қарай қолданбаймыз, мүлдем басқа ұғымда қабылдайтын болдық...

Қуат АДИС

Талап

Тіл – ұлттың рухани қуаты

Құдірет, қасиет, киe дегенді айтқан кезде ойыңа бірінші туған тілің оралады. Оның бояуы, нақышы, мәнері, өте бай сөздік қоры, мақал-мәтел, нақыл, өсиет, наным-тыйымдары қазақ тілінің өте бай, құнарлы, шұрайлы тіл екенін дәлелдеп тұр. Өз ойыңды төл тілінде мақалдап, маржан сөздермен әспеттеп, көркемдеп, бейнелеп жеткізу мүмкіндігі шексіз екенін сезіну қандай бақыт. Көкжиегі шексіз қазақтың дархан даласындай тіліміз де еркін самғауыңа, ой маржандарыңды төгіп-төгіп теңіздей толқып жеткізуіңе жол ашады.

Бұрынғы өткен бабалардан бізге мұрағатқа қалған шешендік сөздер, жыраулардың төкпе жыры, ұлт көсемдерінің, зиялы қауымның алтынның ұшқынындай жарқ еткен ой орамдары біздің рухани дүниеміздің баюына, кемелденуімізге көмектеседі. Бірақ сол асыл қазынаны меңгеріп, өз керегімізге жарату үшін біздің орысша емес, қазақша ойлауымыз керек. Қалың қазақтың қасиеті туған тілінде.

Келесі жылдан бастап Қазақстан азаматтығын алу үшін мемлекеттік тілді білу емтиханы тапсырылады. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова Үкімет отырысында айтқаны белгілі болды. «Қазір алыс шетелден этникалық қазақтар келіп жатыр, олардың құжаттарында қай ұлт екені көрсетілмеген. Осыған байланысты сынақ емтихандарының тақырыптары дайындалып, қазақ тілі мен Қазақстан тарихынан білімдері сыналады. Енді ұлты құжатында тіркелмеген этникалық қазақтарды келесі жылдан бастап сынақ емтиханынан өткіземіз» деді.

Үкімет отырысында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әзірленіп, экономикалық реформалар жөніндегі жоғарғы кеңес бекіткен «Ашық Қазақстан 500+» 2023-2027 жылдарға арналған көші-қон саясатының тұжырымдамасын таныстырды. Әрине Мемлекет басшысы дәл осындай талап қойса, онда туған тіліне немқұрайлы қарайтын қандастарымыз өзінің мәртебесін алу үшін өз тілінің мәртебесіне салғырт қарамайтын болды. Ұлт мұрасын ұлықтау үшін туған тіліңді төрге оздыру басты бағдардың бірегейі. Сондықтан қазақ екеніңді дәлелдеу үшін өз ұлтыңның қайнар бұлағындай ана сүтімен дарыған ана тіліңнің мәйегінің қадіріне жету деген сөз. Дәл уақытында қабылданған өте тарихи және рухани шешім. Өйткені ұлт мүддесінің өзегі туған тілдің құдіретімен сабақтас.

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

Бос жұмыс орындары ұсынылды

Мемлекеттің даму деңгейі ондағы халықтың тұрмыс сапасымен өлшенеді. Өйткені сол қоғамды құратын халық, әрбір отбасы. Отбасы шағын мемлекет дейтініміз сол. Енді елдің бүгінгі жай-күйіне келсек, анау айтарлықтай көштен қалыс емеспіз, дегенмен әлі де жұртшылықтың жағдайын жақсартуға, тұрмыс сапасын арттыруға, табыс деңгейін көтеруге жұмыс жасау керек. Мұндағы мақсат әлеуметтің әлеуетін арттыру.

Иә, елдегі басты мәселелердің бірі жұмыссыздық деңгейін төмендету. Әсіресе жастар арасындағы жұмыссыздықты бір жолға қою күн тәртібінде тұр. Нарықтың қымбатшылығы заманында кейде жоғары оқу орнын растайтын дипломың болғанының да көмегі бола бермейді. Өйткені жұмыс табу, өз өзіңді қамтамасыз ету қазір оңай емес. Бірақ мәселе уайымдағаннан шешілмейді, мәселе жүйелі жұмыс болғанда ғана шешіледі. Әрине бұл тұста мемлекет қол қусырып отыр дей алмаймыз. Халық арасындағы жұмыссыздықты азайту, қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру, әлеуметтік жағдайды реттеу бағытында түрлі бағдарламалар жұмыс істеп тұр. Қайтарымсыз грант, төмен пайыздағы несиелер шағын және орта кәсіппен айналысамын деушілерге қолдау болса, мемлекеттік мекемелерден өтетін жастар тәжірибесі, алғашқы жұмыс орны сынды жобалар жастардың сағын сындырмай тұр.

Айта кетейік, 2018 жылдан бастап жұмыс берушілерге Электрондық еңбек биржасы арқылы жұмыссыздарды таңдау құқығы берілді. Ауданда бос жұмыс орындары туралы мәліметтер электронды еңбек биржасы ақпараттық жүйесі арқылы қолжетімді түрде ұсынылады. Ал болжанатын жұмыс орындары туралы мәліметтер «Жұмыс орындарын құрудың интеграциялық картасы» ақпараттық жүйесі арқылы қалыптастырылады. Өткен аптада осының ізімен тағы да бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі өтті. Онда қара көрсеткендердің басым бөлігі аудандағы шартты түрде жазасын өтеп жатқан азаматтар мен пробация есебіндегілер болса, ауылдық жерлерден келгендер мен жастар да табылды. Аудандық жұмыспен қамту орталығының директоры ұсынылатын бос жұмыс орындарын таныстырып өтіп, ниетті жандар үшін барлық көмек пен қолдау көрсетілетінін, еден жуушы, вахталық жұмыстарға мамандар қажет екенін жеткізді. Бірақ бұл жұмыс түрлеріне ниет қылған азаматтар табыла қоймады. Тек бір тұрғын ғана еден жуушы бос жұмыс орнына барғысы келетін жеткізді. Ол кісінің сұранысы сол жерде қаралып, орталық тарапынан бағыт-бағдар берілді.

Аудан тұрғындарына ұсынылған бос жұмыс орындары жәрмеңкесінде аудандық жұмыспен қамту орталығының директоры екі қолға бір күрек таппай жүрген жастарға да тиімді бағдарламалардың барын айтып, сол бағдарламалардың аясында атқарылған жұмыстарға да тоқталды.

– Биыл 30 қарашаға дейін жастар арасында жұмыссыздықты төмендету мақсатында бірқатар жұмыс атқарылды. Мәселен, жыл басынан бері халықты жұмыспен қамту орталығына 1 500-ден аса жас жұмыс іздеуші ретінде тіркелсе, оның 905-і жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен қамтылды. Әлеуметтік жұмыс орындарына 7, жастар практикасымен 201, қоғамдық жұмысқа 220, ұрпақтар келісімімен 4, алғашқы жұмыс орнымен 16 жас жіберілді. Ал 162 жас мемлекеттік грантқа қол жеткізді. Ал қысқа мерзімді оқумен 5 адам қамтылса, мемлекеттік қолдау шараларынсыз тұрақты жұмысқа 290 жас орналасты. NEET санатындағы жұмыссыз жастардың санын азайту мақсатында жастар практикасына биылдан бастап қатысушылардың жалақысы 76 575 теңгеден 91 890 теңгеге дейін, ұлғайса, бұл шараға 29 жасқа толмаған, соңғы 3 жылда жоғары және арнаулы орта оқу орындарын бітірген және еңбек өтілі жоқ түлектер қатыса алады. 30 қарашаға дейін 201 адам жолданып, жоспар 103 пайызға орындалды, – деген орталық директоры «Алғашқы жұмыс орны» жобасы турасында да кеңірек айта кетті.

«Алғашқы жұмыс орны» жобасы 29 жасқа толмаған, жұмыс тәжірибесі жоқ жастар, оның ішінде NEET санатындағы жастарға алған кәсібіне, мамандығына сәйкес жұмыс орындарын құруды көздейді. Жалақы көлемі 61 260 теңгеден 91 890 теңгеге дейін, ал қатысу мерзімі 12-ден 18 айға дейін ұлғайған. Жұмыс беруші жобаға қатысу мерзімі аяқталғаннан кейін жұмыссызды кемінде он екі ай мерзімге тұрақты жұмысқа орналастыруға міндетті. 30 қарашаға дейін ауданда аталған жобамен 16 адам жолданып, жоспар 133,3 пайызға орындалған екен.

«Ұрпақтар келісім-шарты» жобасына да 2 жыл ішінде оқуын аяқтаған және 29 жасқа толмаған білім беру ұйымдары түлектері қатыса алады екен. Аталған жоба шеңберінде жұмысқа орналасқан адамға зейнеткерлік жасқа жетуге кемінде 6 ай қалған тәлімгер тағайындалады. Жалақы көлемі 61 260 теңгеден 91 890 теңгеге дейін артқан, қатысу мерзімі де тиісінше 6 айға дейін. Жұмыс беруші жобаға қатысу мерзімі аяқталғаннан кейін жұмыссызды Еңбек кодексінің 38 бабына сәйкес, тәлімгердің бос жұмыс орнына немесе басқа бос орынға ауыстыруға міндетті. Жоғарыда аталған субсидияланатын жұмыс орындар уақытша сипатта болады және бұл орындарға орналасқан адамның еңбек қызметінің кезеңі оның еңбек өтіліне есептеледі. Орталық директоры биыл аталған жобамен 30 қарашаға дейін ауданда 5 адам жолданып, жоспар 100 пайызға орындалғанын айтады.

Қарап отырсақ, жұмыссыз жастарды қолдауға бағытталған жобалардың тиімді тұстары көп. Тек жастардан ниет болса, мамандығы бойынша жұмысқа орналасуларына мүмкіндік те табылады. Ал кәсіппен айналысамын деушілер үшін қайтарымсыз грант пен төмен пайыздағы несиелер қолдау бола алмақ.

Нұр НАУАН

Ойтаразы

Гүлмен ұрғанды пұлмен ұрғанымыз қалай?

Кейде көңілдің қошын кіргізетін ән тыңдап, өз бойыңдағы рухыңды оятып, ән қанатында самғағың келеді. Бірақ біз бұл орайда отандық шоқ жұлдыздарымыздың көбінде қадірін білмейтін секілдіміз. Яғни «өзгенің қаңсығын таңсық қылу» көп жағдайда опық жегізеді. Киім кию мәнері де оғаш жартылай жалаңаштанған шетелдік әншілер қазір ар-ұятын жиып қойып, кейінгі ұрпаққа керемет тәрбие беріп жатыр деп айта алмаймыз. Олар жастардың санасын өз дақпырықтарымен улап жатыр. Улаған емей немене, кешегі ресейлік әнші Филипп Киркоров Алматыдағы концертінде отырған залдағы көрерменнің бірін қолындағы гүлімен ұрып жіберді. Бұл сәт видеоға ұтымды түсіп қалған.Видеодағы жағдай Киркоровтың Алматыдағы концертінде болғаны айтылып жатыр.Оның бұлай ашулануына не себеп болғаны әзірге белгісіз. Ал желі қолданушылары сырттан келген әншіге қатысты түрлі жағымсыз пікір жазып жатыр. «Осыған барған қазақтарға да обал жоқ», «Масқара, неге сабатып қойып қарап тұр?! Өзін сахнадан сабап шығару керек еді», «Жігіттер болмаған ғой. Әйтпесе, екі қолын сындырып тастайтын еді», «Масқара ғой! Қандай хақысы бар? Рахмет айтпай ма керсінше қазақ жұртына», «Концерттен шығып кету керек еді, бетіне түкіріп», «Өзіміз де оңбаймыз! Біреудің қаңсығын таңсық көріп...» деп жазып, қызу талқылап, бармақ тістеген желі қолданушыларының пікірлерін оқып, аза бойымыз қаза болды.

Айта кетейік, ресейлік әртіске Алматыдағы концертінде қазақша шапан жаптық ау. Әй, жаны жайсаң қазақы болмысыңмен аңғалдығың өзіңді өкінішке ұрындырып жатыр. Тіпті Киркоров әнші Индира Елемеспен қосылып ән шырқағаны да соны жаңалықтай елпең қағып, шетел жұлдызына жастанса жастық, төсенсе кілем жайып, даңқ пен дақпыртымызды асырғанымызды қайтейін. Қаншама долларды қалтаға басып, біздің құрмет-қошаметімізді аяқасты еткен әншіге халық енді жиіркене қарай бастады. Ол сахнаға жартылай жалаңаш шыққаны біздің киелі сахнамызды сыйламағаны ғой. Ал біз болсақ, Медеу Арынбаев, Айжан Нұрмағамбетова, Ақбота Керімбекова, Тоқтар Серіков, Мақпал Жүнісова секілді шебер жезтаңдай әншілеріміздің концертіне кіру үшін қалтаға қолайлы, арзан пұл жұмсап жүргенімізді естен шығарып алған секілдіміз. Арзан құрметті қымбат долларға сатып алғандаймыз. Неге отандық әншілерге қажетті көмек көрсетіле бермейді? Мен мұны жалаң мысал емес, әнші Медеу Арынбаевтың аузынан естіп қалдым. Шетелдік әншілер біздің ақшамызды бір алып кетеді, тіпті көрерменімізді гүлмен сабалап жүр. Қазір бұл оспадарсыз видио бүкіл сайттарда самсап жүр. Біз неге өзіміздің сахнада өнер көрсеткен шетел жұлдызынан сахна мәдениетін сақтауды талап етпейміз? Киркоровтай дарақылар оғаш әрекеті үшін айыппұл арқаласа, екінші рет ойланып, қасиетті сахнаны былғамас еді ғой. Үстіне киген киіміне де екі шұқып, бір қарар еді. Қайран қазағым-ай, қонақ десе жалғыз атын сойып, бас тартатынын қайтерсің. Пейіліңе құдай берер-ау, бірақ жұлдыз ауруымен ауырып, кеудесіне нан піскен Киркоровтай сабазға біздің құрмет артықтау енді. Олардың шоқ басардай шындық қана есін жиғызады. Дөп солай.

Г. АСҚАРҚЫЗЫ

Меншік иесі:
«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 2062

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ